

## КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ ШАРТ

Шымкент қ.

«24» 04 2023 ж.

Шымкент университеті, ректоры п.ғ.д., профессор Сейітқұлов Нұрлыбек Ақынұлы тұлғасында, Жарлық негізінде қызмет ететін (әрі қарай ШУ), бір тарапынан және тұлғасында, негізінде (әрі қарай Кәсіпорын), екінші тарапында, төмендегі туралы осы келісімшартты бекітті.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Білім беру ұйымына 20 \_\_\_\_\_ жылы түскен БВ04102 – Есеп және аудит (білім беру бағдарламасы)

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша (біліктіліктің) БВ04102 – Есеп және аудит (білім беру бағдарламасының атауы)

Білім алушының оқытуын жүзеге асырады.

1.2. Кәсіпорын білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

1.3. Білім алушы функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құдырет алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

1.4. Шымкент Университеті білім алушыларды кәсіптік практикаға жібереді, ал кәсіпорын күнтізбелік кестеге, кәсіптік практика бағдарламасы мен басқа да нормативті-құқықтық құжаттарына сәйкес білім алушының кәсіптік практика өтуіне қызмет көрсетеді.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Білім беру ұйымы өзіне мынандай міндеттемелер алады:

2.1. БВ04102 – Есеп және аудит (білім беру бағдарламасы)

білім беру бағдарламасының 1,2,3,4 курс академиялық күнтізбеге сәйкес күндізгі білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің оқу/өндірістік/кәсіптік (үзіліссіз)/ дипломалды (практика атауы)

жолдауға.

#### 3. ШУ міндеттенеді:

3.1. кәсіптік практиканың басталуынан екі ай бұрын Кәсіпорынға кәсіптік практика өтуін және мамандықтар топтамасы бойынша білім алушылардың санын келісу үшін күнтізбелік кестесін, білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламасын ұсыну

3.2. кәсіптік практиканың тәжірибенің басталуынан бір апта бұрын кәсіпорынға практикаға жіберілетін студенттердің тізімін ұсыну.

3.3. білім алушыларды кәсіпорынға кәсіптік практиканың күнтізбелік кестесі мен бағдарламасында белгіленген мерзімде жіберу.

3.4. білім алушылардың кәсіптік практиканың тәжірибесіне жетекшілік жүргізу үшін жоғары білікті оқытушыларды тағайындау.

3.5. білім алушылардың кәсіпорындарда орнатылған еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауларын қамтамасыз ету.

3.6. кәсіпорындар қызметкерлерін – білім алушылардың кәсіптік практиканың жетекшілерін өндірістік тәжірибені ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

3.7. шығармашылық серіктестік туралы келісімге сәйкес аса маңызды өндірістік мәселелерді шешу үшін өз ғылыми кадрларын тарту.

3.8. білім алушылардың Кәсіпорындарда еңбекті қорғау бойынша таныстыру сабағын жүргізу сапасын тексеру мен бақылауды қамтамасыз ету.

#### 4. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

4.1. білім алушылардың кәсіптік практиканың күнтізбелік кестесі мен бағдарламасына сәйкес Шымкент Университетінің білім алушылардың практикасы қай жерде өткізілетіні, өту орны туралы мәліметтерді ұсыну.

4.2. білім алушыларды тәжірибе өтудің қауіпсіздік жағдайларымен қамтамасыз ету. Белгіленген құжаттарды рәсімдеу арқылы еңбекті қорғау бойынша міндетті таныстыру сабақтарын (кіріспе және жұмыс орнында) жүргізу: қажетті жағдайда білім алушыларға жұмыстың қауіпсіздік әдістерін үйрету сабақтарын жүргізу.

4.3. білім алушылардың кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау үшін қажетті жағдайлар жасау.

- 4.4. өз қызметкерлерінің тарапынан білім алушылардың кәсіптік практиканың Кәсіпорынның шағын бөлімдерінде жетекшілік жасау үшін жоғары білікті мамандарды тағайындау.
- 4.5. білім алушылар мен университет оқытушыларына – тәжірибе жетекшілеріне білім алушылардың өндірістік тәжірибе бағдарламасын жақсы меңгеру және олардың жеке тапсырмаларын орындау үшін қажетті құжаттарды пайдалану мүмкіндігін беру.
- 4.6. Шымкент Университетімен келісілген білім алушылардың кәсіптік практиканың күнтізбелік кестесі мен бағдарламасына сәйкес білім алушылардың Кәсіпорындар қызметімен толық танысу мақсатында оларды жұмыс орындарына бөлуді қамтамасыз ету.
- 4.7. білім алушыларды өндірістік тәжірибе бағдарламасында белгіленбеген және білім алушылардың мамандықтарына қатысы жоқ қызметтерді атқаруға жол бермеу.
- 4.8. білім алушылардың өндірістік тәжірибесі аяқталғаннан кейін, әр білім алушыға мінездеме және оның дайындаған есебінің сапасына баға беру.

**5. Кәсіпорын:**

- 5.1. жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 5.2. білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;
- 5.3. кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;
- 5.4. білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;

**6. Білім алушы өзіне мынадай міндеттемелер алады;**

- 6.1. кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібі, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау;
- 6.2. кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;
- 6.3. практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;
- 6.4. практикадан өту үшін бекітілген уақытта кәсіпорынның қарауына келу;
- 6.5. практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеу;

**7. Білім алушы:**

- 7.1. кәсіпорында бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу заңдары базасында оқуға, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізу мен пайдалануына;
- 7.2. кәсіптік даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң иеленген білім беру бағдарламасы бойынша бос орынның болуы кезінде кәсіпорында жұмысты жалғастыруға құқылы;

**8. Тараптардың келісімшартты орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі.**

- 8.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.
- 8.2. Осы келісімшарт бойынша тараптар арасында болған барлық даулар, келіссөз арқылы шешіледі, Келісімге келмеген жағдайда белгіленген тәртіп бойынша сот органдарына жіберіледі.
- 8.2. Тараптар бірлескен қызмет барысында анық болған өндірістік бағыттағы жасырын мәліметтерді таратпауға міндеттенеді.

**9. Шарттардың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі**

- 9.1. Осы шарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Осы келісімшартта белгіленбеген жағдайлар, ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Барлық хаттар мен жазбаша құжаттар өкілетті тұлғалармен орындалған және заңды тұлғалардың мөрімен бекітілген жағдайда ғана заңды күшке ие болады.
- 9.2. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырылып өзгертілуі мүмкін;
- 9.3. Осы шарт бірдей заңды күші бар үш данадан жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.
- 9.4. Келісімшарттың қолдану мерзімі «24» 04 2023 ж. бастап «25» 04 2028 ж. дейін.
- 9.5. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктің реквизиттері:

**10. Тараптардың заңды мекенжайлары:**

Шымкент университеті  
 Қаратау ауданы  
 Квартал 225, ғимарат 426  
 СТН 582100008395  
 Есеп-шот №KZ589260801154109000  
 БИК KZKOKZKX  
 БИН 000540000592  
 Сым: 8(7252) 55-58-61  
 Ректор, п.ғ.д., профессор  
Н.А. Сейітқұлов  
 қолы  
 М.Ө.

ШОУ, Шымкент қаласы  
 БИЛ: 090  
 7 Шымкент қаласы  
 Карадағаты 41, қабат 205.  
 пл. КЗ «SIPAS» Группы  
 Тел: 121422  
 ШОУ Шымкент қаласы  
 Директор: \_\_\_\_\_  
 қолы  
 М.Ө.